

“Жазылушы күні” акциясы



2-бет

Жазықсыз құрбандар



3-бет

Қатерден құтқарылды



4-бет

Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 46 (555) СЕЙСЕНБІ, 2 маусым 2015 жыл

ЕЛБАСЫ ТМД-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Делегациялар басшылары Қазақстанға ТМД Үкімет басшылары кеңесі мен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырыстарына қатысу үшін келді.

Кездесу барысында елдердің қаржы-экономика, көлік-транзит, отын-энергетика салаларындағы өзара ықпалдастығының негізгі аспектілері талқыланды.

Қазақстан Президенті ТМД елдерінің мемлекет және үкімет басшылары кездесулерінің, екіжақты және көпжақты келіссөздердің маңыздылығына тоқталды.

– Жаһандық дағдарыстық құбылыстарды өткеріп, жеке-келеген экспорттық тауарлар бағасы төмендеп жатқан қазіргідей уақытта бірлескен жұмыс пен кооперацияны күшейту қажет болады. Ықпалдастыққа балама жоқ деп санаймын, сондықтан біз тиісті үдерістерге бастамашылық етіп отырмыз. Еуразиялық экономикалық одақ жұмыс істеп тұр. Бүгінгі қиындықтарға қарамастан, мен оның болашағы зор деп сенемін. Мұндай қиындықтар болатынын біз болжадық, бірақ шарттың мәні, мақсаты мен онда қойылған міндеттері дұрыс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы қазіргі жағдайда Қазақстан орнықты дамуды сақтау үшін әсіресе инфрақұрылымды жаңғырту саласында қажетті шараның бәрін қабылдап жатқанын атап өтті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНҒАН КЕҢЕС

27-28 мамырда Кувейтте Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИБЫҰ) Сыртқы істер министрлері кеңесінің (ИБЫҰ СІМК) 42-ші сессиясы болып өтті. Оның жұмысына Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Асқар Мусинов бастаған қазақстандық делегация қатысты. Қоғамдағы толеранттылықты күшейту және терроризмге қарсы әрекет ету мәселелеріне арналған ИБЫҰ СІМК сессиясының барысында ИБЫҰ-ға мүше мемлекеттер делегациялары халықаралық кун тәртібінің өзекті проблемаларының кең ауқымы бойынша пікірлермен алмасты. Иемендегі, Сириядағы, Ливиядағы және Ирактағы ахуалды, Палестина-Израиль жанжалын реттеу, бірқатар мұсылман елдерінің бейбіт өміріне, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қауіп туғызатын Ирак пен Леванта ислам мемлекетінің (ИЛИМ) және басқа да экстремистік ұйымдар мен топтардың күштеріне қарсы әрекет ету мәселелері талқыланды. ИБЫҰ СІМК сессиясының шеңберінде терроризмге, экстремизмге және исламофобияға қарсы күрес мәселелері бойынша арнайы отырыс өтті...

Негізгі жаһандық және өңірлік проблемалар бойынша ұстанымдар, мұсылман елдерінің бейбіт өміріне және тұрақтылығына төнетін қазіргі бар қауіптерге қарсы тұру үшін күш-жігерлерді шоғырландыруға үндеулер, терроризм мен экстремизмнің барлық түрлері мен көріністерін батыл айыптаулар айтылды...

Ислам ынтымақтастығы ұйымы (2011 жылға дейін Ислам конференциясы ұйымы) 1969 жылы құрылған. Ұйымның Бас хатшылығы Жидда қаласында (Сауд Арабиясы Корольдігі) орналасқан. Қазіргі уақытта ИБЫҰ-ға халқы 1,5 млрд. болатын 56 мемлекет мүше болып табылады. 5 ел және 5 халықаралық ұйым байқаушы мәртебесіне ие. Қазақстан Ұйымға 1995 жылғы желтоқсан айынан бері мүше болып табылады.

БАҚ беттерінен

АТА ЗАҢЫМ - АРДАҒЫМ

4 маусым - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні

1992 жылғы 4 маусымда Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Сондықтан бұл күн ел тарихында жаңа Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталады. Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін символикалық белгілер. Мемлекеттік рәміздер – Көк байрақ, Елтаңба және Әнұран. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес, жыл сайын 4 маусым Қазақстанда Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі. Сондықтан республика азаматтары мемлекеттік рәміздерді қастерлеу – парыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Рәміздік тұрғыдан мемлекеттік елтаңбаның негізі – шаңырақ. Ол – елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі.

Тұлпар – дала дүлдiлi, ер азаматтың сәйгүлiгi, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір



шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. Тудың авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков. Мемлекеттік ту – көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. Бірыңғай көк түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Неліктен туымыздың түсі көк? Геральдика (герботану) тілінде — көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді.

(жалғасы 2-ші бетте)

ШҰҒЫЛАЛЫ ӨСКЕМЕНДЕГІ БОРОДУЛИХА АУДАНЫНЫҢ КҮНДЕРІ



Берекелі жердің ырысын, тынысы мен тіршілігін, байлығы мен игілігін, бар жақсысын паш ету мақсатында мамыр айының 29-30 күндері Өскемен қаласында «Туған ел – алтын бесігім» акциясы аясында Бородулиха ауданының күндері өтті.

(жалғасы 2-ші бетте)

(Басы 1-ші бетте)

Біз үшін биыл ерекше жыл екенін бәріміз де жақсы білеміз. Жыл сайын өткізілетін «Туған жер - алтын бесігім» атты акциясы биылғы бірнеше тарихи мерекелердің мерейтойына арналып өзінің шырайлы да шапағатты жалғасын тапты. Осы игілікті іс-шараға қатысқан жерлестеріміз 29-30-шы мамыр күні облыс орталығында Бородулиха ауданының «Мәдени күні» Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығы мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясының 20 жылдығы мен ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жылдығына орай орайластырып өткізілді. Бұл мерейлі мереке 29 мамырда сағат үште Өскемендегі Кеншілер Сарайында бастау алып, мерекелік концертпен өңірдің шығармашылық үйі мен мәдениет үйі, мәдениет пен білім бөлімі өнер мен білімді дәріптеген жергілікті авторлар мен қолөнер шеберлерінің көрмелерімен жиналған жұртшылық етене танысып, әрі қарай Гала концертке ұласты. Концертке облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар мен өнер майталмандары қатынасты. Өнерпаздарымыз ән мен жырдан шашу шашып, өскемендіктер мен қонақтардың ыстық ықыласына бөленді.

Ал, келесі 30 мамыр күні Өскемен қаласының шетіндегі «Fresh market» алаңында ауданымыздың ауылшаруашылық құрылымдары өндiрген ауыл шаруашылық өнімдері жұртқа тиімді бағада саудаланып, облыс жұртшылығының көңілінен шықты. Онда ет, май, сүт, бал, нан, көкөніс өнімдері халыққа тиімді бағамен сатылды. Қала шетіндегі «Fresh market» алаңында ауданымыздың қазақ үйі тігіліп, халықтың сүйікті әуендері таңғы сағат 7-8-ден басталған жәрмеңкеге қалалықтар көп жиналып, сауда қызу жүрді. Қалалықтар үшін ет пен сүн өнімдері әлдеқайда арзанға сатылып, ел риза болды. Сол күні ауданымыздың ауылшаруашылық өнімдерінен 4700 келі сиыр еті, 500 келі шошқа еті, 1250 келі қой еті, 250 келі жылқы еті, 750 келі нан өнімдері, 800 келі шұжық, 50 келі ірімшік, 400 келі бал, 1000 л. өсімдік майы, 200 келі жарма өнімдері, 500 келі сыр, 100 келі сары май,



жұмыртқа 800 дана, 350 келі қаймақ т.б. өнімдер саудаланды. Бұған Бородулиха ауданының барлық ауылдық округтері әкімшілігі мен шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер ерекше атсалысты. Мысалы, шаруа қожалықтарының озықтары ет-сүт, ұн өнімдерін, шұжық өнімдерін өздері шығаратын «Е.Зайтенов» ЖШС, ЖК «Скаков», ЖК «Городецкая», ЖК «Базадзе» және нан өнімдерін саудалаған ЖК «Ибатуллин», ЖК «Лазоренко», ЖК «Адылханова», ЖК «Гиндер» бал өнімдерінен, асыл тұқымды мал өсіретін «Лазарев и К» ЖШС, «Сахновское» ЖШС, ЖК «Тупикин», ЖК «Сидоренко» т.б. шаруашылықтардың өнімдері кеңінен сатылды. Әсіресе асыл тұқымды ақбас сиыр мен басқа малдардың етін саудалаған асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтардың өнімін ерекше атауға болады. Атап айтқанда: «Достық» ШҚ, «Новая заря» ЖШС, «Коростелевское» ЖШС, «Лазарев и К» ЖШС, «Сахновское» ЖШС, «Красный Яр» ШҚ т.б. Сапасы жоғары өнімдер, бағалары да тиімді. Сиыр еті мен қой еттері 1000 мен 900 теңгеден, сүт, май өнімдері де арзан болып, тез сатылып кетті. Таңертеңгіліктегі мерекелік жәрмеңкеге арнайы атбасын тіреген ШҚО әкімі Даниал АХМЕТОВ, облыс әкімінің



орынбасары Д.Мусин, облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Д.Селиханов, Өскемен қаласының әкімі Т.Қасымжанов, облыс әкімінің кеңесшісі В.Ахаевты аудан әкімі Г.Акулов, аудан әкімінің орынбасарлары мен аудан басшылары, өнер адамдары құрметпен, дәстүрлі нан-тұзымен, ән-жырымен қарсы алды.

Осылайша жерлестеріміз облыс орталығында өздерінің сапалы ауылшаруашылық өнімдерін халыққа ұсынып, өрелі өнерлерімен Өскемен халқын риза етіп қайтты.

М. АТАЕВА

ШҰҒЫЛАЛЫ ӨСКЕМЕНДЕГІ БОРОДУЛИХА АУДАНЫНЫҢ КҮНДЕРІ



АТА ЗАҢЫМ - АРДАҒЫМ

(Басы 1-ші бетте)

Ежелгі түркі тілінде «көк» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн - қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн - уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс - бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран Қазақстанның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранның сөзін Қазақстан Республикасының әр азаматы жатқа білуі тиіс. Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның әнұраны президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша, 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Әнін жазған - композитор Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар - Нұрсұлтан Назарбаев пен Жүмекен Нәжімеденов.

Т.ҚАЛИБАЕВ, Ә.СҰЛТАНОВ



«ЖАЗЫЛУШЫ КҮНІ» АКЦИЯСЫ

2015 жылғы 22 мамырда Бородулиха АПББ «Қазпошта» АҚ бөлімшесінің қызметкерлерімен жергілікті, қалалық, облыстық, республикалық баспа басылымдарына «Жазылу күні» акциясын өткізді. Айта кету керек, жергілікті, қалалық, облыстық БАҚ өз оқырмандарын жоғалтпақ емес, себебі газет беттеріндегі мақалалар өзекті де қызықты. Әр басылымның дәйекті материалға толы онлайн-нұсқасы бар, әр жазылушы назардан тыс қалмай, кезектен тыс қызмет көрсетілді.

Осы күні «Қазпошта» АҚ бөлімшесіне жазылу үшін отыздай адам жиналды. Жазылушылардың көпшілігі жергілікті газеттерге жазылды, қайсыбірі Семей қаласының газеттеріне де жазылуды қош көрді.

Н.ЗАЙЦЕВА, жазылу бойынша нұсқаушы



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Бородулиха ауданының әкімдігі 2015 жылдың 27 мамырында сағат 15:00 Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік көшесі 69 мекенжайы бойынша орналасқан Бородулиха ауданы әкімдігінің ғимаратында ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылық бағытындағы жер телімдерін жалға беру бойынша конкурстық комиссияның қорытынды отырысын өткізді. Отырыстың қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы конкурстық комиссияның мүшелерімен конкурстың келесі жеңімпаздары анықталды:

№ 1 лот бойынша - «Тындық» жай серіктестік түріндегі шаруа қожалығының басшысы Юрий Иванович Руденко, ШҚО, Бородулиха ауданы, Переменовка ауылы.

№ 2 лот бойынша - «Жаксылыков» шаруа қожалығының басшысы Нұрлан Мәжітұлы Жақсылықов, ШҚО, Бородулиха ауданы, Андроновка ауылы, Центральная көшесі № 47.

№ 3 лот бойынша - «Жаксылыков» шаруа қожалығының басшысы Нұрлан Мәжітұлы Жақсылықов, ШҚО, Бородулиха ауданы, Андроновка ауылы, Центральная көшесі № 47.

№ 4 лот бойынша - «Достық» шаруа қожалығының басшысы Абайхан Нұрмұхамедұлы Құрамысов, ШҚО, Бородулиха ауданы, Зенковка ауылы, Коммунистическая көшесі 65.

№ 5 лот бойынша - «Достық» шаруа қожалығының басшысы Абайхан Нұрмұхамедұлы Құрамысов, ШҚО, Бородулиха ауданы, Зенковка ауылы, Коммунистическая көшесі 65.

Адам және Қоғам

АЛ БІЗГЕ ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ КЕЛДІ!

Жезкент кентіне мамыр айының басында «Керемет арыстан айбағы» АҚБ хайуанаттар бағы келді. Бұл хайуанаттар бағы осымен екінші рет кентімізге қонақ болды, соған қарамастан балалар күніне бірнеше рет хайуанаттар бағына барып, әткеншектерін де бірнеше рет тебуден жалыққан жоқ.

Өткен демалыста әкімдіктің жәрдемдесуімен хайуанаттар бағы әкімшілігі атынан кентімізде тұратын мүмкіндіктері шектеулі балаларды тегін хайуанаттар бағында әлеуметтік көмекшілермен қыдырту ұсынылды.

Балаларды хайуанаттар бағында қыдыртып, барлық хайуанаттарды көрсетті: жолбарыстар, аюлар, қасқырлар, арыстанның күшіктері, маймылдар, экзотикалық құстар және тағы басқасы. Сонымен қоса балалар күлкі бөлмесінде болды, әткеншек тепті және бұның бәрі тегін ұйымдастырылды.

Жезкент кенттік округінің әкімдігі әрдайым біздің балаларды естен шығармай, демалысын ұйымдастыратыны қуантарлық жайт. Соның нәтижесінде мүмкіндіктері шектеулі балалар ұдайы кентімізде болып жатқан жағдайлармен таныс.

«Керемет арыстан айбағы» АҚБ хайуанаттар бағы әкімшілігіне сыйлығы үшін және Жезкент кентінің әкімі В. Дерябинге балаларға көрсеткен қамқорлығы үшін үлкен алғыс айтамыз.

Жезкент кенттік округі (Игі іске ризашылықтарын білдірген ата-аналар)

Барлық халыққа қызмет көрсету орталықтары Ахуалдық орталығына қосылды

Қызметтер көрсетудің сапасын мониторингілеу үшін барлық 264 ХҚКО Ахуалдық орталығына қосылды, оның мамандары шынайы уақыт режимінде қызметкерлердің жұмысын бақылайды.

Бұл туралы Есіл ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы мен Астананың мамандандырылған ХҚКО-сына барған сапар барысында Астана экономикалық форумының шетелдік қатысушыларына мәлімделді. Қонақтар арасында Электрондық үкімет басқармасының төрағасы Бахрейна Мухаммед Аль-Каед, Египет электрондық үкімет басқармасының басшысы Ахмед Камал, Alphaworks.com төрағасы Эрин Глен болды.

"ХҚКО" РМК бас директорының орынбасары Шоқан Әбділмановтың айтуы бойынша бейнекамералардың айтарлықтай көп саны мамандандырылған ХҚКО-ларда орнатылған. «Мамандандырылған ХҚКО-ларда мед-тексеруден өту, айыппұлдар мен салықтарды жабу, агрегаттарды салыстыру, жүргізуші куәліктерін беруге тестілеу, автодромда практикалық емтихан тапсыру және т.б. ілеспе қызметтердің көрсетілуіне байланысты барынша көп бейнекамералар орнату қажеттілігі бар. Мысалы, Алматыдағы ең ірі мамандандырылған ХҚКО-да 77, Астана мамандандырылған ХҚКО-сында – 68, Талдықорған мамандандырылған ХҚКО-сында – 63 бейнекамера орнатылған», - деп қосып өтті ол. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесін мониторингілеу

кезінде «ХҚКО» интеграцияланған ақпараттық жүйесі маңызды рөл ойнайды, ол ХҚКО қызметкерлерінің қызметтер көрсетудің белгіленген мерзімдерін сақтауын бақылауға мүмкіндік береді. Егер стандарт бойынша қандай да бір құжатты алу үшін 20 минут қажет болса, ал клиент қызметті белгіленген мерзімде алмаса, ахуалдық орталығының қызметкерлері "мерзімін кешіктірудің" себебін анықтайды. Егер мерзімін кешіктіру ХҚКО қызметкерінің кінәсінен болса, оған тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады.

Қызметті алу уақытын есептеу азаматтың талон алған сәтінен бастап дайын құжатты алғанға дейін жүргізіледі. Ахуалдық орталығының қызметкерлері клиенттердің кезек күту уақытын, оларға қызмет көрсету уақытын, берілген құжаттардың санын, сондай-ақ клиенттердің ХҚКО инспекторларының жұмыс сапасын бағалау нәтижелерін тіркейді.

Бүгінгі күні ахуалдық орталығына барлық 264 халыққа қызмет көрсету орталығы, оның ішінде 9 мамандандырылған ХҚКО қосылған. 2015 жылдың соңына дейін Ақтөбе және Қостанай қалаларында тағы да екі мамандандырылған ХҚКО-ны қосу жоспарланып отыр, олар да ахуалдық орталығына қосылатын болады.

А.АКИМБАЕВА «ХҚКО» РМК бойынша филиалының Бородулиха аудандық бөлімінің инспекторы

ХОШ КЕЛДІҢ, ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН! ТӘУБЕНІҢ ЕСІГІ АШЫЛҒАН АЙ!

Оразаның рухани пайдасы. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с Рамазан айы келгенде ерекше қуанып сахабаларына былай дейді екен: «Міне, қасиетті ай Рамазан келді. Себебі, бұл айда Алланың кітабы – құран Кәрім түскен. Ақылды мұсылман жалқауланбай Алла тағалаға құлшылық етіп, намазын тастамай оқуы керек, мүмкіндігінше жамағатпен бірге оқыған абзал. Бұл –шайтандар шынжырланып, тозақ есіктеріне құлып салына-тын, бүкіл жаннаттын есіктері ашық тұратын ай. Рамазан кешірім айы. Ауыз бекітіп жүрген мұсылмандар осы дүниеден өтсе, жаннат иесі болады». Алла тағалаға жиі мінәжат етіп, Оның жаратқан құлы тәубеге келіп, ораза ұстап, ертелі-кеш басқа да ғибадат ету, амалдарын орындаған адам Алла тағалаға ішкі сырын ақтарып, көзге көрінбесе де бір байланыста болады. Адам өзінің нәпсі құмарлық табиғатын жеңе білу арқылы тек алла тағаланың бұйырғанын орындап, тыйғандарынан тыйыла біледі «Мен Расулұллаһқа с.ғ.с. барып маған бір амал бұйырыңыз. Мен сол амалды орындайын,-деп айтқанымда. Ол с.ғ.с. Ораза ұста, себебі онымен тең келетін амал жоқ» –деп жауап берді. Хадис Әбу Умамадан р.ғ. Имаи Набани риуаят еткен. Оразаның ниеті және ауыз ашар дұғасы. Таңертен сәресі аяқталып, ауыз бекіткен кезде мына дұға оқылады. «Ниет еттім таңнан кешке дейін Рамазан айының оразасын ұстауға, нағыз Алла үшін, Аллаһу ақбар!» Кешке жақын оразаны ашқанда оқылатын дұға –«Я, Алла! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым, Саған ниет еттім, саған сендім. Сенің берген ризығыңмен оразамды аштым және ертеңгі Рамазан оразасы үшін ниет білдірдім. Енді менің бұрыңғы және болашақтағы күнәларымды кешірі» - деп ниет етіледі.

Ауыз ашарда тілек қабыл болады. Күнделікті ауыз ашқанда тілеген тілек қабыл болады. Бұл жөнінде «Әлбетте ораза тұтқан кісінің ауыз ашқандағы тілегі қайтарылмайды, яғни тоқтаусыз қабыл болады»-деген Пайғамбарымыз с.ғ.у. Оразаны бұзатын істер. 1-күндіз оразаны біле тұра, себепсіз тамақ ішу, жеу. 2-Күндіз еркек пен әйелдің

жақындасуы, ал кімде-кім ораза уақытында ораза екендігін ұмытып білместен күндіз тамақ ішіп-жеп қойса, оған қазасын өтемейді. Ішіп-жеп қойғаннан кейін ораза екені есіне түссе оразасын одан әрі жалғастыра береді. Егер кімде-кім жүрегі айнып құсса немесе аузына байқамай бір нәрсе кіріп кетсе (мысалы дәреттің суы, шыбын-шіркей) т.б. оразасын тоқтатпай жалғастыра береді. Тарауих намазының сауабы. Тарауих намазы қасиетті Рамазан айында оқылатын 20-рәкат намаз. Тарауихты жамағатпен оқиды. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.у. «Қараңғыда мешітке барушы-ларды Алла тағала қиямет күні нәсіп болатын жарқыраған нұрмен сүйіншілейді» десе «Рамазан айының қасиетіне сеніп және сауабынан үміт етіп, тарауих намазын оқыған адамның бұрынғы істеген күнәларының барлығы кешіріледі»-деді. Осы Рамазан айында барша мұсылман қауымы ішіп-жеуден тыйылады. Сондықтан жа-салынатын Құран хатым, Құдайы тамақты кешкі ауыз ашарда берген жөн болады. Пітір садақа қауымына бір-ақ рет берілетін табыстың кішкене ғана бөлігі. Аллаһ тағаланың ризалығы үшін пітір берудің ешбір қиындығы жоқ және оны берген адам одан да үлкен сыйлыққа ие болатынын білсін. Өйткені, ол - аса құдыретті Аллаһтың уәдесі. Пітір садақасы оразаның қабыл болуына, қабір азабынан аман болуға, әртүрлі келе жатқан апат. ауру-сырқаудан аман болуына себепші болатынын атап айтқан жөн. Пітір садақасы бидай, арпа, мейіз, құрма бағасын есептеп беріледі. Пітір садақа Ра-мазан айының бірінші күндерінен бастап беріледі. Пітір садақаны өзінің тұрғылықты мекенінде берген жөн болады. Пітір садақасы барлық өңір бойынша адам басы-200 теңге болып бекітілді. Қадірлі жамағат! Аллаһ Тағала ұстанған ораза, берген садақа, Өзіне арналған ғибадаттарымызды қабыл алғай! Әумин!

Қасиетті Рамазан айының басталуы -18 маусым.

Қадір түні-13-14 маусым. Айт намазы 17 шілде сағат-7-00.

Ә.ҚОЖАНҰЛЫ, Бородулиха ауданының бас имамы

ЖАЗЫҚСЫЗ ҚҰРБАНДАР

29 мамыр күні Зубаир ауылдық кітапханасында, 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды және «Жазықсыз Құрбандар» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Бұл күн, жиырмасыншы ғасырдың нәубеттері мен зұлматтарынан құрбан болғандарды еске алып, солардың Аруағына бас иіп, тағзым етер күн! Бүгін Алаш баласын жер бетінен жойып жіберу үшін жын-дана жанталасып, қасақана қолдан қанды қырғын, аштық жасаған, құтырған қанды қол



жендеттердің тозағының себеп-салдарына үңіліп, адамзат баласына қасірет әкелген қара ниет қанішерлердің тегін тектеп, соларға лағынет айтып, тас ататын күн!

Біздің елімізде 103 мың адам қуғын сүргінге ұшырап, жергілікті ұлттың 2 млн астамын жалмаған Ұлы аштық болып өтті. Сол кезеңді бастан кешкендер ащы шындықты Тәуелсіздік алған соң ғана айта алды. Қазіргі кезде тарихи кітаптар шығарылып жатыр. «XX ғасыр Соңғы репрессия» кітабының авторы К.Айдарбекұлы және жазушы қоғам қайраткері Ж.Аймауытов 1929 жылы жазықсыз атылып қайтыс болды... Бұл туралы отандық тарихта енгізілген қуғын сүргін құрбандары туралы сұхбаттасу кезінде ауылымыздың үлкен ағалары кейінгі ұрпақтарға әңгіме ретінде жеткізді және викториналық сұрақ- жауаптар қойылды.

А.ЖУКЕНОВА, Зубаир ауылдық кітапханасының кітапханашысы

2015 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМ АЙЫНА ХҚКО, ЗТМО, ҚАЗПОШТА ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН ТОПТАРЫНЫҢ САПАРЫ

Аудандық бөлім атауы	Шалғай елді мекендердің атауы	Шығу уақыты	Азаматтарды қабылдау орны	Азаматтарды қабылдау уақыты
«ХҚКО» РМК ШҚО бойынша Бородулиха аудандық бөлімі	Новопокровка	03.06.2015 17.06.2015	Новопокровка а., Советская к-сі, 72, әкімдік	10.00-11.00
	Петропавловка	03.06.2015 17.06.2015	Петропавловка а., Агиманов к-сі, 1, әкімдік	11.30-12.30
«ЗТМО» РМКК Бородулиха аудандық бөлімі	Зубаир	03.06.2015 17.06.2015	Зубаир а., 70 лет Октября к-сі, 32, әкімдік	13.00-14.00
	Таврия	10.06.2015 24.06.2015	Буркотово а., Советская к-сі, 1, әкімдік	10.00-11.00
	Красный Яр	10.06.2015 24.06.2015	Красный Яр а., Ленин к-сі, 51, әкімдік	12.00-13.00

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР

Мемлекеттік рәміздер - еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші әрі мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Яғни қазіргі таңда ұлттар мен ұлттық мемлекеттердің нағыз өзекті мәселелері экономика, саясат, қорғаныс саласымен емес, керісінше, ұлттың басты құндылығы болып табылатын ұлттық нышандармен тығыз байланысты.

Мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Рәміздер тарихы алғашқы қоғамдағы тотемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табыну, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Қазіргі кезде еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты сияқты бірегей негіздері мен салт-дәстүрін айқындап көрсетеді. Көп көлемде мемлекеттік биліктің рәміздері кез келген мемлекеттің негізін құрайтын тұжырымдамасы - ұлттық идеяда көрініс табуы тиіс. Ал нақты ұлттық идея тікелей сол халықтың арасында қалыптасады. Саяси жүйенің көшбасшылары уақыт өте келе ауысып отыруы мүмкін, бірақ халық өзінің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан, ғасырлар бойы иемденген және жоғалтып алған ұлттық құндылықтарымен, жағымды және жағымсыз қасиеттерімен қалады, сонымен қатар өзара ұлттық менталитетті қалыптастырады. Мемлекеттік рәміздер мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы болуы керек. Еліміздің азаматтарының рәміздерге деген қарым-қатынасы, олардың қаншалықты деңгейде өздерін осы елдің азаматы санайтындықтарының және болашаққа сенімінің, отансүйіштіктің көрсеткіші іспеттес.

Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік рәміз бойынша елімізді тануға және оны бүкіл әлемге танытуға болады, өйткені онда халқымыздың бүкіл бастан кешкен тарихы, бүтіндей мәдениеті жатыр, сондықтан ол отансүйіштік сезімнің бастау көзі бола алады.

1992 жылдың 4 маусымы Қазақстан Республикасының рәміздері бекітілген күн болып тарихта қалды. 2007 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қол қойып бекіткен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы мемлекеттік рәміздерімізді пайдалану тәртібін нақты белгілеп берді. Мемлекетіміздің Елтаңбасы қазақ тіліне аударғанда, ол «таңба», «белгі», тіпті «мұра» деген мағына береді. Бұл термин ежелгі түркі қағанаты (551-630 жылдар) кезінен бастап қолданыла бастаған. Қазақстанның қазіргі таңдағы Елтаңбасы үлкен еңбектің арқасында, екі сәулеткер Жандарбек Мәлібек пен Шота Уәлихановтың шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келді. Елтаңбадағы шаңырақ - өз ұлтымызға ғана тән, сәтті таңдалынған нышан. Шаңырақ қай кезде де қазақ үшін отандық берекесі мен тыныштығының белгісіндей қызмет атқарып келген. Елтаңбамыз еліміздегі барша халықтарды бір шаңырақтың астына шақырып, біздің ортақ үйіміз Қазақстанның мықты уықтарына айналуды үндейді.

Кез-келген халықтың тарихында заманында сол халыққа күш-қуат берген, рухын жанып, жігерін шыңдаған музыкалық шығармалары бар. Ол тарихтың белгілі бір уақытында сол жұрттың Әнұранына айналған. Мұндай әндер қазақ халқында да көп. Соның бірі - жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының ауыр тауқыметін көрсетуге арналған «Елім-ай» әні. Бұл ән жоңғар шапқыншылығынан зардап шегіп, қансыраған халықтың қайта ес жиып, күшеюіне әсер еткен, сол сияқты басқа асыл сезімдерді бойына жинаған керемет ән болды. Осындай бір екінші ән - «Менің Қазақстаным». Бұл шығарма Қазақстан КСРО құрамында болған тұста қазақтың намысын қайрау мақсатында өмірге келді. Ақын Жүмекен Нәжімеденов пен сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық бірлестігінен туындаған «Менің Қазақстаным», шын мәнінде, қазақ халқының рухын көтерген, келер күнге деген сенімін арқалаған бейресми Әнұран болды. Ал заман талабына сай, 2006 жылғы қаңтардың 6-сында Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа түзетулер енгізілгеннен кейін, яғни қаңтардың 10-ында «Менің Қазақстаным» ресми түрде Әнұран болып бекітілді. Сөйтіп, бұл күн тарихқа еліміздің жаңа Әнұранының туған күні ретінде жазылды. Әуенін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жүмекен Нәжімеденов жазған Әнұранның сөзін уақыт өлшемімен үндестірген бірлескен автор - еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазіргі уақытта мемлекеттік рәміздерді білмейтін адам кемде-кем шығар. Өйткені мемлекеттік рәміздер педагогикалық білім беру жүйесінде және білім беру тәжірибесінде айтарлықтай табыстарға қол жеткізуде. Мемлекеттік рәміздер мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиелік жұмыстың бір бөлігі болып табылуда, сондай-ақ жалпы білім беру мектептері мен ҰБТ бойынша арнайы пән ретінде енгізілген. Бүгін ереже бойынша жастар өз мемлекетінің рәміздерін ата-аналарына қарағанда жақсы біледі.

Қорыта келе айтатыным, еліміздің ежелден аңсаған Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының қайта жаңғыруы, мемлекеттік рәміздердің бекітілуі болашақ дамуға бет алған егемен еліміз үшін ерекше құбылыс. Сондықтан мемлекеттік рәміздерді қастерлеу азаматтарымыз үшін басты міндет болып табылуы тиісті. Сондай-ақ ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті насихаттау жолында және мемлекетіміздің әлемдік деңгейде танылып өзіне тән белгілерімен дамыған елдер қатарынан орын алуы үшін төл нышандарымыздың атқаратын қызметі айрықша.

Таврия ауылдық округі

ЖЕҢІСКЕ 70 ЖЫЛ

Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерейтойына орай өзімнің өмірім туралы жазғым келіп отыр. Мен Айман Сағындықова Белағаш ауылының тұрғынымын. Өзімнің соғыста қаза болған әкем туралы айтқым келеді. Чубарчий ауылының тұрғындары Мукинов әулетінің ағайынды Сағындық, Жүніс, Ихсан, Идриш атты ұлдары Көкпекті аудандық Әскери комисариятынан соғыс майданына аттанады, Мен әкем соғысқа аттанғанда қырқымнан шықпаған екенмін, тіпті әкемді көрсемде есімде қалмас еді. Мен Мукиновтар әулетінің кенже ұлы

Сағындықтың қызымын. Менің әкем туралы Көкпекті әскери комисариятының мұрағатында барлық мәліметтер жазылған. Әкем Белоруссия жерінде соғыста қайтыс болған. Танымаймын әкемді, Танымаймын әкемді. Көрмедім мен өзіңді, Қырқымнан шығар шықпаста. Оққа ұштың сен соғыста, Қайтпадың әке соғыстан. КӨРМЕДІМ МЕН ӨЗІҢДІ, Қайран анам таң қалам. Қандай едің төзімді, Қарғыс атқан соғыстың.

Азабын тартқан анашым, Қанаттыға қақтырмай. Өсірген «мені» баласын, Сөзбедім әке мейірімін. Бауырына баспады, Қасиетті туған жер, Топырағы тартпады. Жүрегімде сонда да, Білемін әке қадірін. Білсем ғой қадірін, Білсем ғой әтең қазір мен. Қайда екен сенің қабірің, Бас иемін әке аруағына. Іліккен қан соғыстың қармағына **Айман Сағындыққызы**

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Шаруа қожалық басшылары: В.Майер, А.Майер, А.Лехнер, Е.Жбратов, В.Рейзвих, жеке кәсіпкерлер: Р.Садыков, С.Гныря, Ю.Малыга, Ф.Валиеваларға Ұлы Жеңіс күнін өткізуге көмектескендері үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз және мықты денсаулық, жұмыстарына үлкен табыс тілейміз!

Әкімдік, ардагерлер кеңесі,әйелдер кеңесі

АРДАГЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Міне, Ауған соғысына 26 жыл толды. Ол – ҰОС аяқталғаннан кейінгі болған, он жылға созылған зұлым, сұрапыл соғыс. Бұл соғыс жайлы шындық талай жылдар бойы тұмшаланып келді. Тек еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шындықтың беті ашылды. Осындай тар жол, тайғақ кешуде ерліктің ерен үлгісін көрсеткен батыр жерлестеріміз де бар екен. Жеңіс күні қарсаңында 6 мамыр күні «Жезкент кентінің экономикалық мектеп – лицейі» КММ 5 «Ә» сынып жетекшісі Мұратбекова Жанар Аманқызының бастауымен, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Джакитова Анар Даулетқанқызының ұйымдастыруымен Ауған соғысының ардагері Карменов Қайрат Нарболатұлымен «Ауған ақиқаты» атты кездесу өткізді. Кездесу барысында ардагеріміздің өз

аузынан көптеген тың мәліметтер алдық.

Ардагеріміз 1985 жылдың қазан айында Ауған жеріне кіріп, соғыс алаңында бір жарым жыл әуеатқыштар қорғанысында болған. Майданға аттанғанда Қайрат ағамыздың жасы бар болғаны он сегіз жаста ғана екен. Сол бір жарым жыл ішінде Ауғанның он қаласын басып өткен. Батырлығынан бұрын, бізді таңқалдырғаны ол кісінің шыдамдылығы мен төзімділігі. Себебі, ата-анасына, туыстарына бір жарым жыл бойы майдан даласында жүргені жайлы тіс жармаған. Осы қасиетіне ой түйдім. Тағы да бір қызықтырған сұхбаты майдан даласына жеткенше ешбір қарусыз барып, оралғанда да ешбір қарусыз қайтқаны. Сол кезде бойында қорқыныш сезімі

ерекше болыпты. Осындай соғыс алаңында қару асынып, елге ораларда қарусыз аман-есен келген Қайрат ағамыздың қазіргі уақытта сүйікті жары – Бибігүл, Ілияс, Диас атты екі ұлы бар. Үлкен ұлы Диас «Жас Ұлан» атты әскери мектепте білім алуда.

Бүгінгі таңда Жезкент кенті бойынша Ауған соғысының 14 ардагері бар екен. Өмір тоқтамай жалғаса береді. Бұған дәлел біздің осы кездесуіміз деп ойлаймын. Өйткені, ортамызда жүрген ауғандық жауынгерлеріміздің ерен ерліктері ұмытылмақ емес. Болашақта біз, жас ұрпақтар, қазіргі кездегі бейбіт өміріміз бізге қалай жеткендігін түсіну үшін осындай кездесулер көбейе берсе екен деймін. Аяулы ағалар, жастарға үлгі көрсетіп, ардагерлерімізге деген құрметіміз арта берсін!

Д.МАЖИТОВА, Жезкент кенті

ҚАТЕРДЕН ҚҰТҚАРЫЛДЫ

пана тапты.

-Төтенше келген жағдайда біз абыржушылыққа жол бермедік. От пен су өте қауіпті. Осыны жете түсінген жігіттер тасқын су әкелген қауіптің бетін қайтару үшін күш-жігерлерін, тәжірибелерін аянбай қимылдап, жойқын күш пен алысып, ақыры жеңді. Жезкент әскери-кен апатынан құтқару взводының командирі Н.Фуртовқа, командирдің орынбасары И.Губановқа, төтенше жағдайдан құтқарушылар Е.Ерыгин, М.Николенко, Н.Байматаев, Ф.Ташметов, А.Зияшов, Р.Хасенов, Е.Картиков, Х.Раисов, Ж.Түсіпов, жүгізушілер Р.Фәлейтор, Ч.Әлмұхамбетов тәрізді жігіттерге аудан әкімшілігі, құтқарылған ауыл тұрғындары атынан алғыс айтып, істеріне сәттілік тілеймін,- дейді аудан әкімінің орынбасары, төтенше жағдайдан құтқару штабының бастығы Б. Аргумбаев.

Адам басына қауіп төнген сын сағатта қол ұшын беріп, көмек көрсету, қиындықтан алып шығу адамгершіліктің ең жоғарғы белгісі, нағыз азаматтық қасиет. Әрине бұлар құтқарушының бірінші кезекті міндеті болып саналады. Бұл ретте Жезкенттік құтқарушылар осындай қысылтаяң сәтте апатқа ұшырағандарды аман сақтап, адамгершіліктің нағыз үлгісін көрсетті.

Т.АУХАДИЕВ, зейнеткер-журналист, Жезкент кенті

Биылғы көктем адамдарды өз ерекшеліктерімен тәнті қылды. Қыстан әуірімдеп шығып, күншуақтап, арқаны кеңге салар уақытқа жеттік-ау дегенде тылсым табиғат барша жұртты бір абыржытты. Наурыз бен сәуірдің тым жылып кеткен күндері қыс айларында мол түскен қарды күрт ерітіп, сай-саланы қуалай жөңкілген қар суы ой-шұңқырды толтырып, ернеуінен асқаны жол тауып ауылдарға, қалаларға қауіп төндірді. Көктемгі ағын судың көптігінен біздің Шығыс Қазақстан облысының бірқатар аудандары, оның ішінде Бородулиха ауданының кейбір елді мекендері су астында қалып, зардап шекті. Тасқын су адамдарды әлекке салып, көптеген қиындықтар тудырды.

Табиғаттың төтенше келген осы тылсым күшімен күреске аудан жұрт шылығы қарсы тұрып, ұйымшылдықтың, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, нағыз бірліктің үлгісін көрсетті. Тасыған су ауданымыздың Жезкент кентіне, Переменовка, Ивановка, Орловка ауылдарына қауіп төндірді. Жағдай әсіресе Переменовкада қиын болды.

Бұрынырақта жасалған дамбаны жырып жіберген тасқын су тас жолдан асып түсіп, ауылға лап қойды. Апат туралы хабар жетісімен ауданда құтқарушылар штабы құрылып, оған Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Б.Аргумбаев жетекшілік етті. Құтқару жұмыстарына ауылдың ересек тұрғындары, Н.Фуртов басқаратын Жезкент кентіндегі әскери-кен апатынан құтқару взводының, Өскемен қалалық төтенше жағдай департаментінің, К.С. Ризин жетекшілік ететін Бородулиха аудандық құтқару бөлімінің, Жезкент кентіндегі өрт сөндіру бөлімінің құтқарушылары тартылды. Уақытпен санаспай адамдарды табиғаттың осы дүлей күшінен сақтап қалу үшін ширақ қимылдады. Сәуірдің 12-13-і күндері құрамында 15 құтқарушы, қажетті техника бар топ дамбаның жырылған жерін құм қаптарымен, бульдозермен топырақ итеріп бөгеп, су арнасын басқа жаққа бұрды. Сөйтіп, 3 адам ажалдан құтқарылып, ағын су қауіпінің беті қайтарылды. Бірақ, іс осымен біткен жоқ. Құтқарушылар түні бойы ауылдың су басқан үйлерінің тұрғындарын штаб ұйғарымымен жергілікті орта мектеп үйіне көшірді. Уақытша баспанаға төсек-орын жеткізілді. Адамдар осында тамақтандырылды. Жиыны мұнда 197 ауыл тұрғыны көшіріліп, уақытша



БАҚ жекеменшік иесі: “Шығыс ақпарат” ЖШС Директор НҰРЖАН ҚУАНТАЙҰЛЫ	“Аудан тынысы - Пульс района” аудандық газетінің бас редакторы Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.	
Газет ҚР Иивенстициялар және даму министрлігі Байла- ныс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерінің тіркеу туралы N 15346-Г куәлігі (04.05.2015) берілген	“Аудан тынысы” газетінің редакторы Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАІП: 5815 Таралымы 3080 оның ішінде «Аудан тынысы»580	Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен қ., Космическая 6/3 Көлемі 2 баспа табак